

**ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ
ТОПТАҒЫ БІРЛЕСКЕН
ЖҰМЫС
WORKING
COLLABORATIVELY AND
COOPERATIVELY IN GROUPS
СОТРУДНИЧЕСТВО И
СОБМЕСТНАЯ РАБОТА В
ГРУППАХ**



СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУҒА ҮЙРЕТУ ОБУЧЕНИЕ КРИТИЧЕСКОМУ МЫШЛЕНИЮ

Critical thinking

«Сыни тұрғыдан ойлау» деген ұғымда қолданылатын «сыни» деген термин ойдың мәселені немесе проблеманы шешу үдерісіне шоғырлануын білдіреді. Бұл тұрғыдан алғанда сыни сөзі «мақұлдамау» немесе «теріске шығару» дегенді білдірмейді. Сыни тұрғыдан ойлау ой жүгірту, пайымдау жасау немесе проблеманы шешу үдерісі жүрген барлық жағдайларда, яғни неге сенуге болады, не істеу керек және бұны ойластырылған әрі рефлексивтік тәсілмен қалай істеуге болатындығын анықтау қажет болған жағдайлардың барлығында орын алады.

Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді.

Сыни тұрғыдан ойлаудың әдістері:

- алты ойланатын шляпа (the six thinking hats)
- миға шабуыл(brainstorming)
- менталдық карта(mind map)
- кубизм әдісі

АЛТЫ ОЙЛАНАТЫН ШЛЯПА (THE SIX THINKING HATS)



АЛТЫ ОЙЛАНАТЫН ШЛЯПА (THE SIX THINKING HATS)










Standbyme




МЕНТАЛДЫҚ КАРТА (MIND MAP)









МИҒА ШАБУЫЛ (BRAINSTORMING)




МИҒА ШАБУЫЛ (BRAINSTORMING)







КУБИЗМ ӘДІСІ





ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ТОПТАҒЫ БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС

Ынтымақтастық оқу дегеніміз не?

Ынтымақтастық оқу – өзара іс-әрекет жасау философиясы, ал бірлескен жұмыссоңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге ықпал етуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы болып табылады.

.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ТОПТАҒЫ БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС



Ынтымақтастық оқу сыныпта пайдаланатын әдіс қана емес, жеке философия болып табылады. Барлық жағдайларда, адамдар топтарға бірлескен кезде ынтымақтастықта адамдармен жұмыс істеу тәсілін ұсынады, мұндайда топтың жекелеген мүшелерінің қабілеті мен үлесі құрметтеліп, аталып өтіледі. Топтың тиімді жұмысы үшін топ мүшелері арасында билік пен жауапкершілікті бөлу орын алған.



Ынтымақтастық оқу сыныпта пайдаланатын әдіс қана емес, жеке философия болып табылады. Барлық жағдайларда, адамдар топтарға бірлескен кезде ынтымақтастықта адамдармен жұмыс істеу тәсілін ұсынады, мұндайда топтың жекелеген мүшелерінің қабілеті мен үлесі құрметтеліп, аталып өтіледі. Топтың тиімді жұмысы үшін топ мүшелері арасында билік пен жауапкершілікті бөлу орын алған.

Бірлескен оқудың мәні

Ынтымақтастық оқу – оқыту мен оқу тәсілі, бұл проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау немесе әлдебір өнім жасау үшін бірлесіп жұмыс істейтін оқушылар тобы дегенді білдіреді.

Ынтымақтастық оқу оқуды табиғи әлеуметтік әрекет ретінде қабылдауға негізделген, оған қатысушылар бір-бірімен әңгімелеседі, және осы әңгімелесу арқылы оқуды жүзеге асырады.



Болашақ
тобы

1. Біздің еліміздің болашағын қамтамасыз ету үшін бізге қандай іс-шараларды орындау керек?

2. Біздің еліміздің болашағын қамтамасыз ету үшін бізге қандай іс-шараларды орындау керек?

3. Біздің еліміздің болашағын қамтамасыз ету үшін бізге қандай іс-шараларды орындау керек?

БИОЛ

Педагогикада ынтымақтастық оқу тәсілдерінің саны жеткілікті, бірақ та бірлескен оқу үдерісінің негізгі сипаттамалары мынадай:

1. Оқу оқушылар ақпаратты игеретін және өздері игерген мәліметті бұған дейін меңгерген білімдерімен байланыстыратын белсенді үдеріс болып табылады.
2. Оқу тапсырмаларды орындау үшін механикалық есте сақтау мен қайталау емес, құрдастардың белсенді қатысып, ақпараттарды өңдеуі және қорытуын талап етеді.
3. Қатысушылар әр адамның көзқарасымен танысудан пайда алады.

-
4. Оқу оқушылардың әңгімелесу кезіндегі әлеуметтік ортасы жағдайында жетіледі. Осы зияткерлік гимнастика кезінде оқушылар ой-пайымдарының негізін құрып, мәнін ұғады.
 5. Оқудың ынтымақтастық ортасында оқушылар әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыдан да дами түседі, өйткені олар түрлі көзқарастарды тыңдап, өз идеяларын айтуға және қорғауға мәжбүр болады.

ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ МАҚСАТЫ:



Оқыту мен оқу тәсілдері арқылы проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау барысында оқушылар тобының бірлесіп жұмыс істеуі

«Топтық жұмыс» термині - өзара іс-әрекет жасалып, соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы.

ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МАҚСАТЫ

Әлеуметтік

- Тәжірибемен және идеялармен алмасу;
- Мәселені бірлесіп шешудің амалын табу;
- Барынша жоғары ұжымдық нәтижелерге қол жеткізу

Танымдық

- Жұмыстың баламалы амалдары туралы идеяларды ұсыну және пікір алмасу;
- Маңызды дағдыларды және түсініктерді дамыту

Эмоционалдық

- Топтың жекелеген мүшелерінің білімі мен тәжірибесіне сүйену;
- Күрделі тапсырмаларды орындау үшін қолайлы ортаны қамтамасыз ету


ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ

АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

- Игеретін материалдардың көлемі мен оларды түсіну қажеттілігі артады
- Жаппай оқытуға қарағанда, ұғымдарды, түсініктерді, дағдыларды қалыптастыруға аз уақыт жұмсалады
- Жұмыс атмосферасын қалыптастыру
- Оқушылардың танымдық белсенділігі мен шығармашылықпен жұмыс істеуі артады
- Оқушылардың өзара қарым-қатынасы жақсарады
- Өзіне сын көзбен қараушылық артады, құрбылармен жұмыс істеп үйренген оқушы өзінің қабілетін дұрыс бағалай және жақсы бақылай алады
- Өмірге қажетті дағдыларды үйренеді

ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ КЕМШІЛІГІ :

- Топ мүшелерінің көп болуы;
- Енжар адамдардың көптің көлеңесінде қалып қоюы;
- Бір топтың шуылының екінші топқа әсері;
- Берілген уақыт ішінде тапсырманы орындап үлгермеуі;
- уақытты белгілеу жекебастың берекесіздігіне әкеліп соғуы;
- Шығармашылық жұмыс аяқсыз қалады;
- Бір топ жұмысты қорғап жатса, басқа топ мүшелері өз жұмыстарын аяқтап жатумен шұғылданады
- Білім деңгейі бірдей оқушылар тобы бір топта жұмыс жасауы;
- Жақсы оқитын оқушылардың нашар үлгеретін оқушылардан жоғары тұруы;





**НАЗАР ҚОЙЫП,
ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!**

